

Бекітемін
«Музыкалық колледж – дарынды
балаларға арналған музыкалық
мектеп-интернат» кешені» ММ басшысы
_____ С.К. Сыздықов
01.09.2020 ж.

СТУДЕНТТЕРДІ АҒЫМДЫҚ БАҚЫЛАУ, АРАЛЫҚ ЖӘНЕ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1. Студенттерді ағымдық бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу туралы осы Ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 373 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуімен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидалары Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 5-бабының 19) тармақшасына сәйкес негізінде әзірленді және колледж студенттерінің ағымдағы үлгерімін бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау тәртібін анықтайды.

2. Осы Ережеде мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) Біліктілік емтиханы – теориялық және тәжірибелік даярлықтың, тәжірибе мен құзыреттіліктің жеткіліктілігін объективті айқындауға, олардың талаптарға сәйкестігін бағалауға және біліктілік деңгейін беруге мүмкіндік беретін рәсім;

2) Біліктілік комиссиясы – кәсіптік модульдерді меңгеру қорытындысы бойынша колледж студенттеріне біліктілік беру рәсімін өткізу үшін құрылатын алқалы орган;

3) білім алушыларды аралық аттестаттау - білім алушылардың бір оқу пәнін оны зерделеп бітіргеннен кейінгі бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын меңгеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім;

4) білім алушыларды қорытынды аттестаттау – студенттердің білім деңгейіне сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында көзделген пәннің оқу бағдарламасын игеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім;

5) білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау – академиялық кезең ішінде, кестеге сәйкес оқытушылар өткізетін аудиториялық және аудиториялардан тыс сабақтарда студенттердің білімін кәсіптік оқу бағдарламасына сәйкес жүйелі түрде тексеру;

б) қорытынды аттестаттау комиссиясы-колледж түлегінің қорытынды аттестаттауын өткізу үшін құрылатын алқалы орган;

7) оқу жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі - халықаралық практикада қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін балл түріндегі білім деңгейін бағалау жүйесі;

3. Білім алушылардың білімін бағалау сандық бес балдық жүйе бойынша жүргізіледі: (5 – «өте жақсы», 4 – «жақсы», 3 – «қанағаттанарлық», 2 – «қанағаттанарлықсыз»).

Балдық-рейтингтік әріптік жүйені қолдану кезінде білім алушылардың оқу жетістіктері (білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері) халықаралық тәжірибеде қабылданған әріптік жүйеге сәйкес келетін 100 балдық шкала бойынша (оң бағалар, кему шамасына қарай, «А»-дан «D»-ға дейін, «қанағаттанарлықсыз» - «F») осы Ереженің қосымшасына сәйкес 4 балдық шкала бойынша тиісті сандық эквивалентпен бағаланады.

2. Студенттерді ағымдық бақылау мен аралық аттестаттаудан өткізу

4. Колледж білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылауды жүзеге асыру және аралық аттестаттаудан өткізу нысандарын, тәртібі мен мерзімділігін таңдауда дербес болады:

- ағымдық бақылау: әр сабақта немесе аттестаттау үшін 3 реттен кем емес,
- аралық аттестаттау: оқу жылында 4 рет аттестаттау – қазан, желтоқсан, наурыз, мамыр және 2 рет семестрлік аттестаттау – қаңтар, маусым.

Пәндер және (немесе) модульдер бойынша ағымдық бақылау педагогтердің оқу бағдарламасында көзделген, оның ішінде оқытудың жеке траекториясын ескере отырып, міндетті бақылау жұмыстарын (жазбаша тапсырмаларды, тестілерді, рефераттарды) тексеруі арқылы жүзеге асырылады.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін пәндер және (немесе) модульдер бойынша үлгерімді ағымдық бақылау психофизикалық даму ерекшеліктері ескеріле отырып, жеке тапсырмалар бойынша жүргізіледі.

Қашықтықтан білім беру технологияларын (бұдан әрі – ҚБТ) пайдалана отырып, студенттің үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізу:

1) білім алушы мен оқытушының телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып, онлайн немесе офлайн режимінде тікелей қарым-қатынас жасауы;

2) автоматтандырылған тестілеу кешендері;

3) жеке тапсырмаларды тексеру (платонус платформасында тапсырмалар беру).

Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау жүргізу нысандарын оқу материалының мақсатын, мазмұнын ескере отырып, педагог айқындайды.

5. Пәндердің және (немесе) модульдердің тізбесін және білім алушыларды аралық аттестаттаудан өткізу нысанын жұмыс оқу жоспарларына сәйкес колледж белгілейді және оқу жылының басында оқу процесінің кестесіне енгізіледі: бақылау сабақтары, сынақтар, емтихандар.

Аралық аттестаттауды өткізу кезінде, оның ішінде ҚБТ пайдалана отырып, мынадай нысандар пайдаланылады:

1) тестілеу, оның ішінде тапсырманы орындау уақытын шектеу мүмкіндігімен Платонустың тестілік жүйесінде тестілеу;

2) жеке тапсырманы, жобаны орындау (онлайн, офлайн);

3) тәжірибелік, шығармашылық тапсырманы орындау (онлайн, офлайн);

4) емтиханды онлайн-режимде (ауызша немесе жазбаша нысанда) тапсыру.

6. Колледжде студенттерді аралық аттестаттау оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес курстық жобаларды (жұмыстарды), тәжірибе бойынша есептерді, сынақтар мен емтихандарды қорғау нысанында жүзеге асырылады, бұл ретте сынақтар мен курстық жобаларды (жұмыстарды) қорғау емтихандар басталғанға дейін жүргізіледі.

Курстық жобалар (жұмыстар) осы пән және (немесе) модуль бойынша курстық жобаны (жұмысты) орындау үшін жеткілікті білімді меңгеруді қамтамасыз ететін пәннің және (немесе) модульдің теориялық бөлімі немесе бөлімі аяқталғаннан кейін орындалады.

8. Сынақтар келесі семестрге өтетін пәндер және (немесе) модульдер бойынша немесе қорытынды сынақ түрінде өткізіледі.

Сараланған бағалары бар («өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық» және «қанағаттанарлықсыз») сынақтар кәсіптік практика бойынша, сондай-ақ тізбесі оқу жұмыс жоспарына сәйкес айқындалатын арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша жүргізіледі.

9. Білім алушыларды аралық аттестаттау материалдары әрбір оқу пәнінің және (немесе) модульдің оқу жұмыс жоспарлары мен бағдарламалары негізінде жасалады.

10. Колледж студенттерін аралық аттестаттауға дайындау кезеңінде консультацияға бөлінген уақыттың жалпы бюджеті есебінен консультациялар өткізіледі.

11. Студенттерді емтихан түрінде аралық аттестаттаудан өткізу үшін:

1) емтихан билеттері (емтихан бақылау тапсырмалары), тест тапсырмалары;

2) көрнекі құралдар, анықтамалық сипаттағы материалдар және т.б.;

3) оқу және технологиялық карталар;

4) спорт залы, жабдықтар, мүкәммал;

5) музыкалық аспаптар,

6) емтихан ведомосі.

12. Аралық аттестаттауды (емтихандар мен сынақтарды қабылдауды) осы пән және (немесе) модульдер бойынша семестр бойы оқу сабақтарын

өткізген педагог және (немесе) педагог не білім беру ұйымы басшысының тапсырмасы бойынша осы пән және (немесе) модуль бейініне сәйкес біліктілігі бар педагог жүзеге асырады.

13. Аралық аттестаттауға әрбір пән және (немесе) модуль бойынша барлық тәжірибелік және курстық жұмыстарды (жобаларды), жұмыс оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес сынақтарды толық орындаған және ағымдық білім есебінің қорытындысы бойынша қанағаттанарлықсыз бағалары жоқ колледж студенттері жіберіледі.

1-2 пән және (немесе) модуль бойынша қанағаттанарлықсыз бағалары бар білім алушылар емтихандарға білім беру ұйымы басшысының рұқсатымен, ал екеуден артық қанағаттанарлықсыз бағасы бар білім алушылар кіші педагогикалық кеңестің шешімімен жіберіледі.

14. Емтихан билеттері бойынша тапсырманы орындау үшін аралық аттестаттауды, орындау емтиханын өткізу кезінде:

ауызша емтиханға әрбір білім алушыға 15 минут бөлінеді;

жазбаша емтихан өткізуге:

1) әдебиет бойынша 6 астрономиялық сағат (шығарма);

2) математика және арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша 4 академиялық сағат;

3) мемлекеттік тіл және орыс тілі бойынша 3 астрономиялық сағат (мазмұндама);

4) мемлекеттік тіл мен орыс тілінен 2 астрономиялық сағат (диктант).

Жазбаша (тест тапсырмалары) емтихан жұмыстары колледждің бұрыштық мөртабаны бар қағазда орындалады.

15. Оқу жұмыстарын тыңдауға, қарауға байланысты пәндер, модульдер бойынша емтихандарды тиісті әдістемелік пәндік және циклдік комиссияның, бөлімнің педагогтары қабылдайды.

16. Аралық аттестаттауды (емтихандар мен сынақтарды) өткізу кезінде колледж басшысының рұқсатынсыз бөгде адамдардың қатысуына жол берілмейді (басшының оқу, әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасарынан, бөлім меңгерушісінен (сынып жетекшісінен) және пәндік-циклдік комиссия төрағасынан басқа).

17. Сырқаттануы бойынша немесе басқа да дәлелді себептер бойынша аралық аттестаттаудан өтпеген студенттерге колледждің басшысы немесе басшының оқу ісі жөніндегі орынбасары рұқсатты ресімдей отырып, оларды тапсырудың жеке мерзімдерін белгілейді.

18. «Қанағаттанарлықсыз» (сынақтан өтпеген) деген баға алған кезде емтиханды қайта тапсыруға бір пән және (немесе) модуль бойынша бір реттен артық жол берілмейді.

Емтиханды (сынақты) қайта тапсыруға басшының оқу ісі жөніндегі орынбасарының жазбаша рұқсатымен (рұқсатымен) ол белгілеген мерзімде сол оқытушыға, модуль шеңберіндегі оқытушыларға, жетекші пәнге (немесе жетекші болмаған жағдайда осы пәннің және (немесе) модульдің бейініне сәйкес біліктілігі бар басқа педагогке) жол беріледі.

Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша 2-ден аспайтын «қанағаттанарлық» бағалары бар студенттер үшін басшының оқу ісі жөніндегі орынбасарының жолдамасы бойынша бағалаудың неғұрлым жоғары деңгейіне қайта тапсыруға жол беріледі.

19. Аралық аттестаттау нәтижелері бойынша үштен артық «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған студенттерді педагогикалық кеңестің шешімі бойынша колледж басшысының бұйрығымен оған белгіленген үлгідегі анықтама бере отырып, колледжден шығару мәселесін қарайды.

20. Белгілі бір курстың оқу жоспарының талаптарын толық орындаған, аралық аттестаттаудың барлық сынақтары мен емтихандарын сәтті тапсырған студенттер колледж басшысының бұйрығымен келесі курсқа ауыстырылады.

21. Аралық аттестаттауға шығарылмайтын пәндер, модульдер бойынша қорытынды бағаларды педагогтер курс аяқталғаннан кейін үлгерімді ағымдағы бақылау бағалары негізінде қояды.

22. Ағымдағы оқу сабақтарынан босатпай аралық аттестаттау емтихандарын мерзімінен бұрын тапсыруға колледж басшысының бұйрығымен студенттің өтініші негізінде студенттер жіберіледі:

1) Ағымдағы семестрдің пәндері және (немесе) модульдері бойынша оқу жұмыс жоспарлары мен білім беру бағдарламаларына сәйкес барлық пәндерді «өте жақсы» деген бағамен орындаған;

2) белгіленген мерзімде аралық аттестаттаудан өту мүмкіндігі жоқ (тиісті құжаттармен расталған дәлелді себептер бойынша).

3. Студенттерді қорытынды аттестаттаудан өткізу

23. Музыкалық колледж студенттерінің қорытынды аттестаттауы жалпы кәсіптік және арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандарды тапсыруды қамтиды.

Қорытынды аттестаттау оны өткізудің алдын ала бекітілген кестесі бойынша өткізіледі.

Қорытынды аттестаттауға академиялық қарызы жоқ және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 болып тіркелген) бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын толық көлемде меңгерген студенттер жіберіледі.

ҚБТ пайдалана отырып қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде колледж білім алушылардың жеке басын сәйкестендіруді қамтамасыз етеді, оның тәсілін таңдауды колледж дербес жүзеге асырады және оны өткізу тәртібінің сақталуын бақылайды.

Студентті сәйкестендіру білім алушының жеке басын бейнекамераның алдында егжей-тегжейлі түрде ұсынылған жеке басын куәландыратын құжаттың деректерімен көрнекі салыстыру арқылы жүзеге асырылады. Білім алушылар жабдыққа және байланыс арналарына қойылатын техникалық

талаптар туралы алдын ала хабардар етіледі. Колледж байланысын алдын ала тексеру арқылы білім алушылардың техникалық мүмкіндігіне көз жеткізеді.

24. Орындаушылық емтихандар мамандық шеңберінде түлектердің тәжірибелік дағдыларын тексеру мақсатында өткізіледі.

25. Студенттердің қорытынды аттестаттауын өткізу үшін колледжде басшының бұйрығымен қорытынды аттестаттау комиссиясы құрылады.

Қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы білім беру және мәдениет ұйымдарының білікті мамандарынан, ЖОО-ның бейіні бойынша педагогтерінен, арнайы пәндер педагогтерінен, дауыс беру құқығынсыз комиссия хатшысын қоса алғанда, жұмыс берушілер өкілдерінен 65% және колледж өкілдерінен 35% арақатынасында колледж өкілдерінен қалыптастырылады.

26. Комиссия қорытынды аттестаттау кезеңіне қорытынды аттестаттау өткізілгенге дейін кемінде бір ай бұрын құрылады.

27. Комиссия анықтайды:

1) студенттердің теориялық және практикалық дайындығы деңгейінің сәйкестігін;

2) тәжірибелік оқыту, жалпы кәсіптік және арнайы пәндер және (немесе) кәсіптік модульдер бойынша білім алушылардың нақты білім деңгейі, іскерлігі мен тәжірибелік дағдылары, олардың кәсіптер (мамандықтар) бойынша оқу бағдарламаларының және біліктілік сипаттамаларының талаптарына сәйкестігі.

28. Комиссия отырыстарының ұзақтығы күніне 6 сағаттан аспайды.

29. Колледжде білім алушыларды қорытынды аттестаттау, оның ішінде ҚБТ қолдана отырып, оқу процесінің кестесінде және жұмыс оқу жоспарларында көзделген мерзімде МЖМБС айқындаған нысанда жүргізіледі.

Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін нұсқама, оның ішінде қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібі, қорытынды аттестаттау нәтижелерімен келіспеу туралы қағидалар, ұзақтығы, апелляция беру тәртібі туралы нұсқама жүргізіледі.

Білім алушыларды қорытынды аттестаттауды өткізу тәртібімен таныстыру колледжде кемінде 20 жұмыс күні бұрын жүзеге асырылады.

Студенттерді қорытынды аттестаттауға жіберу колледж басшысының бұйрығымен ресімделеді.

ҚБТ пайдалана отырып қорытынды аттестаттауды өткізу үшін колледжде қажетті жабдықтар жиынтығы бар оқу кабинеттері жабдықталады, ол мыналарды қамтамасыз етеді:

1) студенттерді үздіксіз бейне және аудио бақылау, бейне жазу;

2) студенттердің емтихан кезінде презентациялық материалдарды, бейне баяндамаларды көрсету мүмкіндігі.

ҚБТ пайдалана отырып қорытынды аттестаттауға қатысатын студенттердің рәсімнің тұтастығын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін техникалық құралдары мен бағдарламалық қамтамасыз етуі болады.

30. Комиссияға мынадай материалдар мен құжаттар ұсынылады:

- 1) мамандық бойынша оқу жұмыс жоспары;
- 2) студенттерді қорытынды аттестаттауға жіберу туралы колледж басшысының бұйрығы;
- 3) жеке карточка, үлгерім кітапшасы, студенттердің қорытынды бағаларының жиынтық ведомостары;
- 4) пәндер бойынша сөз сөйлеу бағдарламалары, емтихан билеттерінің жиынтығы және оқу бағдарламасына сәйкес қорытынды емтихандарға шығарылатын сұрақтар тізбесі;
- 5) күндізгі оқу нысаны студенттерінің денсаулық жағдайы бойынша қорытынды аттестаттау мерзімін ауыстыру құқығын растайтын құжаттар;

31. Колледждің қорытынды аттестаттауы арнайы пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихан тапсыру нысанында өткізіледі.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін қорытынды аттестаттау олардың денсаулық жағдайына теріс факторлардың әсерін болдырмайтын жағдайда және білім алушылардың физиологиялық ерекшеліктері мен денсаулық жағдайына жауап беретін жағдайларда өткізіледі.

ҚБТ пайдалана отырып қорытынды аттестаттау нақты уақыт режимінде (онлайн) өткізіледі. Бағдарламалық құралдарды ұсынуға және колледж тарапынан қорытынды аттестаттауға техникалық қолдау көрсетуге колледж басшысы айқындайтын тұлға жауапты болып табылады, ол қорытынды аттестаттауды өткізудің техникалық шарттарына тексеруді басталғанға дейін бір тәуліктен кешіктірмей жүргізеді.

Пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар оқу бағдарламаларына сәйкес мынадай нысандарда өткізіледі: шығармашылық орындаушылық емтихан, ауызша, бірнеше арнайы пәндердің және (немесе) кәсіптік модульдердің сұрақтарын қамтитын кешенді емтихандар нысанында.

Қорытынды аттестаттау басталғанға дейін екі апта бұрын білім алушылар жіберілген бағдарламалардың бейнежазбаларын ұсынады.

Мамандық бойынша емтиханның ұзақтығы бір студентке 30 (отыз) минуттан аспайды, басқа орындаушылық және ауызша қорытынды емтихан бір студентке 15 (он бес) минуттан аспайды.

Жұмыстар белгіленген уақыттан бұрын орындалған жағдайларда ҚБТ-ны пайдалана отырып қорытынды емтихан өткізу кезінде бейнеконференцбайланыс сеансын комиссия төрағасының рұқсаты бойынша мерзімінен бұрын аяқтауға рұқсат етіледі.

Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды қорытынды аттестаттау сол форматта өткізіледі. Есту қабілеті бұзылған білім алушылар үшін қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру кезінде сурдоаудармашы тартылады.

Қорытынды аттестаттауды өткізудің барлық рәсімі бейнеге жазылады.

32. Комиссияның шешімі бойынша тиісті оқу пәні және (немесе) модуль бойынша келесі білім алушылар ағымдағы оқу жылында қорытынды аттестаттауға қайта жіберіледі:

- 1) қорытынды аттестаттауда қанағаттанарлықсыз нәтиже алғандар;
- 2) қорытынды аттестаттауға дәлелді себеппен (денсаулық жағдайына немесе тиісті құжаттармен расталған өзге де объективті себептерге байланысты) келмеген жағдайларда аттестаттауға жіберілмейді.

Қайта отырыс өткізу мерзімін комиссия айқындайды.

Қайталама қорытынды емтихан «қанағаттанарлықсыз» деген баға алынған пән және (немесе) модуль бойынша ғана өткізіледі.

Қорытынды аттестаттау комиссиясының шешімі бойынша студентке сол бағдарламаны тиісті жетілдірумен орындауға, ауызша емтихан бойынша жаңа билетпен жауап беруге мүмкіндік беріледі.

Оң бағаны арттыру мақсатында қорытынды емтиханды қайта тапсыруға жол берілмейді.

33. Қорытынды емтихандарды қайта тапсыру кезінде «қанағаттанарлықсыз» деген баға алған студентке мамандығы бойынша оқудың толық курсын аяқтағаны туралы белгіленген үлгідегі анықтама беріледі.

34. Жекелеген жағдайларда қорытынды аттестаттаудан белгіленген мерзімде (денсаулық жағдайына, әскери қызметке шақырылуына немесе тиісті құжаттармен расталған өзге де объективті себептерге байланысты) өтуге мүмкіндігі жоқ студенттерге оқу процесінің кестесіне сәйкес қорытынды аттестаттау басталатын күнге дейін кемінде екі ай бұрын қорытынды аттестаттауды жеке тапсыруға (сессияны мерзімінен бұрын тапсыруға немесе ұзартуға) рұқсат етіледі.

Қорытынды аттестаттауға дәлелді себеппен келмеген студент қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағасының атына еркін нысанда өтініш жазады және себебін растайтын құжатты ұсынады. Оң шешім алған жағдайда студент қорытынды аттестаттауды өткізу кестесінде көзделген қорытынды аттестаттау комиссиясы отырысының басқа күні емтихан тапсырады.

Қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін денсаулық жағдайы туралы ұсынылған құжаттар қаралмайды.

Техникалық ақаулар туындаған жағдайда ҚБТ пайдалана отырып қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде білім алушыға қорытынды аттестаттаудан басқа күні және (немесе) басқа уақытта өту мүмкіндігі беріледі. Бұл жағдайда техникалық хатшы электрондық актіні ресімдейді және актінің көшірмесін комиссияның барлық мүшелеріне жібереді

35. Қорытынды аттестаттау комиссиясының отырысы Комиссия төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қоятын тиісті хаттамамен ресімделеді.

Қорытынды емтихандарды тапсыру және дипломдық жобаны (жұмысты) қорғау нәтижелері олар өткізілген күні жарияланады.

Қорытынды аттестаттау нәтижелерімен келіспеген білім алушылар апелляцияға өтінішті ол өткізілгеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

Ерекше жағдайларда (оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жағдайларында уәкілетті органның шешімі бойынша ҚБТ-ны пайдалана отырып оқыту кезінде) қорытынды аттестаттауға қатысушылардың әрекеттеріне байланысты емес өзге де мән-жайлар туындаған кезде комиссия осы Қағидалардың 31-тармағына сәйкес қорытынды аттестаттауды өткізу нысанын өзгерту және қорытынды аттестаттау нәтижелерін айқындау жөнінде шешім қабылдайды.

ҚБТ пайдалана отырып қорытынды аттестаттауды өткізу кезінде нәтижелерді есепке алу электрондық-цифрлық нысанда жүзеге асырылады. Бұл ретте қорытынды аттестаттау туралы мәліметтерді қағаз жеткізгіште сақтау міндетті болып табылады.

36. Оқу пәндері және (немесе) модульдер, курстық жобалар (жұмыстар), оқу жоспарының тәжірибесі бойынша есептер бойынша, ал қалғандары бойынша – «жақсы» деген бағалармен «өте жақсы» деген бағалармен білім беру бағдарламасын меңгерген және тапсырған және дипломдық жұмысты (жобаны) және (немесе) «өте жақсы» деген бағалармен емтихандарды қорғаған студенттерге колледждің қорытынды аттестаттау комиссиясының шешімі бойынша үздік диплом беріледі.

Білім беру бағдарламасын «А», «А-», «В+», «В», «В-» бағаларымен меңгерген және тапсырған және барлық оқу кезеңінде үлгерімінің орташа балы 3,5-тен төмен емес, сондай-ақ қорытынды аттестаттауды «А», «А-» бағаларымен тапсырған білім алушыларға баллдық-рейтингтік әріптік жүйені қолданған кезде бүкіл оқу кезеңі ішінде емтиханды қайта тапсыра алмаған жағдайда үздік диплом беріледі.

37. Біліктілігі көрсетілген диплом беру туралы шешім пәндер және (немесе) модульдер бойынша қорытынды емтихандар нәтижелерінің негізінде қабылданады.

38. Комиссия төрағасы аттестаттау аяқталғаннан кейін екі апта мерзімде аттестаттау қорытындылары туралы есеп жасайды.

39. Комиссия төрағасының есебінде: осы мамандық (кәсіп) бойынша білім алушылардың дайындық деңгейі; емтиханда анықталған білім алушылардың білімінің сипаттамасы; пәндердің және (немесе) модульдердің жекелеген мәселелері бойынша білім алушыларды даярлаудағы кемшіліктер; техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру кәсіптері (мамандықтары) бойынша білікті кадрларды даярлауды одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсынымдар көрсетіледі.

40. Комиссия төрағасы комиссия жұмысының қорытындылары туралы педагогикалық кеңеске баяндайды.